

**Табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 107 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 727 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2015 № 727 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 7-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	19 қаңтардағы
№ 107 қаулысымен	
бекітілген	

**Табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

Осы Табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Су Кодексіне, "Табиғи

монополиялар және реттелетін нарықтар туралы", "Электр энергетикасы туралы", "Темір жол көлігі туралы", "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы", "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және электр энергиясын беру және (немесе) тарату, жылу энергиясын өндіру, жылу энергиясын беру және (немесе) тарату және электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, магистральдық темір жол желісі, кірме жолдар, әуежайлар, порттар мен аэронавигация, мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау, газды немесе газ конденсатын сақтау, магистральдық және (немесе) таратушы құбыржолдары арқылы тасымалдау, газ таратушы қондырғыларды және олармен байланысты газ таратушы газ құбырларын пайдалану және су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелері саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі – қызметтер) көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі – Субъектілер) реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тұтынушылардың тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін тәртіпті және жалпы қағидаттарын айқындайды.

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен басымдықтарды ескере отырып қызметтерді ұсыну жағдайларына қолданылмайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификаты – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген, пайдаланушының Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды сертификаттау қағидаларына және сертификаттау талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

2) азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген және азаматтық әуе кемесінің Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілгенін растайтын белгіленген үлгідегі құжат;

3) азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының сертификаты – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген, азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының нормаларына сәйкестігін куәландыратын құжат;

4) байланыс операторы – Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен байланыс қызметтерін көрсетуге лицензия алған жеке немесе заңды тұлға;

5) бербоут-чартер – жолаушылар, багаж бен жүк тасымалдауға және сауда мақсатында теңізде жүзудің өзге де мақсаттары үшін жалға кеме беруші кеме жалдаушыға жарактанбаған және экипажбен жасақталмаған кемені немесе бірнеше кемені иеленуге және пайдалануға келісілген ақыға (жалдауға) белгілі

бір мерзімге беруге міндеттенетін жалға кеме беру шартының түрі;

6) есепке алу аспабы – реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтыну көлемін есепке алуға арналған заңнамада белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы;

7) кірме жолдың шектелген өткізу қабілеті – уақыт бірлігінде (тәулік, сағат) нақты кірме жол арқылы оның техникалық жарақтануына қарай өтуі мүмкін вагондардың ең жоғары саны;

8) құзыретті орган – мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

9) магистральдық темір жол желісінің шектелген өткізу қабілеті – уақыт бірлігінде (тәулік, сағат) нақты темір жол учаскесі арқылы аралық бойынша оның техникалық жарақтануына және поездар қозғалысын ұйымдастырудың қабылданған тәсіліне қарай өткізілуі мүмкін салмағы мен ұзындығы белгіленген поездардың (поезд жұптарының) ең жоғары саны;

10) пайдаланушы – азаматтық әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өз қызметтерін ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;

11) реттеліп көрсетілетін қызметтер – табиғи монополия саласындағы табиғи монополия субъектісі ұсынатын және қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыға белгілі бір тауар беру түрінде ұсыну жағдайларын қоса алғанда, уәкілетті органның мемлекеттік реттеуіне жататын қызметтер (тауарлар, жұмыстар);

12) слот – авиакомпанияның әуе кемесінің келу немесе жөнелту операцияларын белгілі бір күні немесе кезеңде орындау үшін әуежайда бөлінген уақыт;

13) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізу – табиғи монополиялар субъектілері тұтынушыларының табиғи монополия субъектілерінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) басқа тұтынушыларға осындай қызметтер ұсынылатын жағдайлардан кем болмайтын қолайлы жағдайда пайдалану мүмкіндігі;

14) тұтынушы – табиғи монополия және реттелетін нарық субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдаланушы немесе пайдалануға ниеттенуші, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін қызметтерге, (тауарларға, жұмыстарға) тең қол жеткізу мақсатында объектілерді электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды алуға ниеттенуші жеке немесе заңды тұлға;

15) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

16) Aeronautical Information Publication – Аэронавигациялық Ақпарат Жинағы

– Қазақстан Республикасының аэронавигациялық ақпарат жинағы (бұдан әрі - А И Р ) ;

17) Aeronautical Information Circular – Аэронавигациялық ақпарат бюллетені – аэронавигациялық ақпарат циркуляры (бұдан әрі – АІС);

18) NOtice To AirMen (бұдан әрі – NOTAM) – кез келген аэронавигациялық жабдықты пайдалануға енгізу немесе оның (немесе оның жұмыс регламентінің) өзгеруі, ұшуларға қызмет көрсету мен олардың қағидалары туралы ақпаратты қамтитын хабарлама; немесе қауіп туралы ақпарат, ол туралы ескерту ұшулардың қауіпсіздігі үшін маңызды орын алады;

19) Өкіл – шетелдік Пайдаланушылардың әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін ақы төлейтін ұйымдар;

20) техникалық шарттар – реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тұтынушылардың тең қол жеткізуі мақсатында электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосылу үшін қажетті техникалық талаптар;

21) көрсетілетін қызметтерді жеткізуші – реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тұтынушылардың тең қол жеткізуі мақсатында электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосу үшін техникалық шарттар беретін табиғи монополия субъектісі.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Тұтынушы реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу үшін Субъектіге жазбаша өтініш (өтінім, арыз) жолдайды.

4. Субъектілер тұтынушылардың реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге арналған жазбаша өтінішін (өтінімін, арызын) мәлімделген көлемдерге не қызметтер тұтынудың басқа да шарттарына қарамастан тең шарттармен қ а б ы л д а й д ы .

5. Тұтынушының өтініші (өтінімі, арызы) құжаттарды алған кезден бастап 10 жұмыс күні ішінде қаралады. Көрсетілген мерзімде табиғи монополиялар субъектісі тұтынушыға реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу ұсынылатыны не реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу ұсынудан бас тартылғаны туралы жауапты дәлелді қорытындыны қоса бере отырып жібереді.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тең қол жеткізу мақсатында тұтынушының объектілерді электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру

желілеріне қосуға техникалық шарттарды беруге арналған жазбаша өтініші ( өтінімі, арызы) осы Қағидаларда көзделген тәртіппен қаралады.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

6. Тұтынушылардың осы Қағидаларда айқындалған шарттарды сақтауы субъектілер мен тұтынушылардың арасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы № 1194 қаулысымен бекітілген үлгі шарттарға сәйкес әзірленген қызметтер көрсету шарттарын жасасу үшін негіз болып табылады.

7. Объектілерді электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосуға ақы алынбайтын техникалық шарттарды беру мен қайта ресімдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, тұтынушылар қызметтер көрсету үшін ақы төлеуді уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша жүргізеді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

8. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъект тұтынушы өтініш жасаған кезде реттеліп көрсетілетін қызметтің құны және оған қол жеткізу тәртібі туралы ақпарат ұсынады.

9. Реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) Субъектімен шарт жасасқан барлық тұтынушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген олардың сапасына қойылатын талаптарға сәйкес ұсынылады.

9-1. Табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне ( тауарларына, жұмыстарына) тең қол жеткізуді ұсыну шеңберінде объектілерді электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру кезінде электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісі:

1) қосымша талаптар қою мүмкіндігін болғызбай, техникалық шарттардың нақты тізбесін белгілейді;

2) объектілерді электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосуға жазбаша өтінішті (өтінімді, арызды) қарау кезінде тұтынушыдан қосымша материалдар мен ақпарат сұратпайды.

**Ескерту. 1-бөлім 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## 2. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізуді ұсыну шарттары

10. Қызметтерге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету мынадай шарттарға сүйене отырып жүзеге асырылады:

- 1) осы Қағидаларда айқындалған шарттарды сақтау кезінде барлық тұтынушылар үшін қызметтерге тең қол жеткізу;
- 2) қызметтердің барлық тұтынушыларына қатысты бірыңғай тариф саясатын жүргізу;
- 3) қызметтер тізбесінің, қызметтерге арналған тарифтердің ақпараттық ашықтығы.

10-1. Тұтынушылардың электр қондырғыларын энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның желілеріне қосуға арналған техникалық шарттар:

- 1) жаңадан енгізілетін электр қондырғылары энергия беруші ұйымның желілеріне қосылған;
- 2) объект тұтынатын шарттық электр қуаты ұлғайған;
- 3) электрмен жабдықтау сенімділігі бойынша пайдаланушылардың санаты өзгертілген жағдайларда беріледі.

**Ескерту. 2-бөлім 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

10-2. Тұтынушылардың объектілерін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның жылу желілеріне қосуға арналған техникалық шарттар:

- 1) жылу желілеріне жаңадан пайдалануға берілетін объектілер қосылған;
- 2) тұтынушының жылу тұтынатын қондырғыларын реконструкциялауға немесе кеңейтуге байланысты тұтынылатын энергия мөлшері немесе жылу тасығыштың параметрлері техникалық шарттарда және шарттың талаптарында белгіленгеннен жоғарылап өзгерген;

- 3) жылу жүйелеріне бұрын қосылмаған объектілер қосылған жағдайларда беріледі.

**Ескерту. 2-бөлім 10-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

10-3. Газбен жабдықтау желілеріне қосылуға арналған техникалық шарттар:

- 1) газбен жабдықтау жүйелеріне қосылатын жаңа объектілер жобаланған және олар кейіннен салынған;
- 2) қолданыстағы газбен жабдықтау жүйелерінен тұтынылатын қызметтердің көлемі ұлғайған;

- 3) егер бұл тұтынылатын қызметтердің көлемі мен сипаттамаларын өзгертуге әкелетін болса, объекті реконструкцияланған және/немесе қайта бейімделген

жағдайларда

беріледі.

Ескерту. 2-бөлім 10-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-4. Көрсетілетін қызметтерді жеткізуші елді мекеннің сумен жабдықтау және су бұру желілері құрылыстары өнімділігінің қоры мен өткізу қабілеті жеткілікті болған кезде объектілерді қосуға немесе сумен жабдықтау және су бұру инженерлік желілерін дамытуға арналған техникалық шарттарды:

1) елді мекендердің сумен жабдықтау және/немесе су бұру желілеріне қосылатын жаңа объектілер жобаланған және кейіннен салынған;

2) су тұтыну және/немесе елді мекеннің қолданыстағы су бұру желісіне сарқынды суларды ағызу көлемдері ұлғайған;

3) елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағызылатын сарқынды сулардың ластану концентрациясы ұлғайған;

4) егер бұл сумен жабдықтаудың және/немесе су бұрудың тұтынылатын қызметтерінің көлемі мен сипаттамаларын өзгертуге әкелетін болса, объекті реконструкцияланған және/немесе қайта бейімделген;

5) жылу жүйелеріне бұрын қосылмаған объектілер қосылған жағдайларда беріледі.

Ескерту. 2-бөлім 10-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **2-1. Электр желілеріне қосылу үшін техникалық шарттарды берген кезде реттеліп көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізуді ұйымдастыру рәсімі**

Ескерту. Қағида 2-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-5. Желілеріне өзінің электр қондырғыларын қосуды жоспарлап отырған тұтынушы энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға техникалық шарттар алу үшін жазбаша өтініш (өтінім, арыз) береді. Өтінім нысандары осы Қағидаларға 1, 2, 3-қосымшаларда келтірілген.

Белгіленген қуаты 5 Мегаватт және одан жоғары электр қондырғылары бар тұтынушылар өтінімге жобалау қызметімен айналысуға лицензиясы бар мамандандырылған жобалау ұйымы әзірлеген тұтынушының сыртқы электрмен жабдықтау схемасын қоса береді. Тұтынушының сыртқы электрмен жабдықтау схемасының мазмұны осы Қағидаларға 4-қосымшада келтірілген. Тұтынушының

сыртқы электрмен жабдықтау схемасы желілеріне қосылу жоспарланып отырған энергия беруші және/немесе энергия өндіруші ұйыммен келісіледі.

10-6. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым тұтынушының жазбаша өтініші (өтінімі, арызы) бойынша қосылудың ең жақын нүктесін айқындайды. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым қосылудың ең жақын нүктесін айқындағаннан кейін өтінімде келтірілген деректер бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген мерзімде техникалық шарттарды береді.

10-7. Қосалқы тұтынушылар тұтынушыдан энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның келісімі бойынша техникалық шарттарды алады.

10-8. Энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды орындаған жағдайда, энергия беруші ұйым оларды электр жүйелеріне қосудан, сондай-ақ оларға электр энергиясын беруден бастап пайдаланады.

10-9. Техникалық шарттардың қолданылу мерзімі ҚР ҚН 1.02-01-2008 жобалау нормаларының, ҚР ҚНЖЕ 1.04.03-2008 құрылыс ұзақтығы нормаларының талаптарына сәйкес, бірақ кемінде үш жылға айқындалады.

10-10. Энергия беруші ұйым тұтынушының объектілерін қосуға арналған техникалық шарттарда мыналарды көрсетеді:

1) электр қондырғыларының белгіленген қуаты 100 килоВатт (бұдан әрі – кВт) (қосалқы мекенжайы (объектінің орналасқан орны); қосылу нүктесі;

пайдалануға рұқсат етілген қуаты; электр энергиясын есепке алу аспабын және енгізілген автоматтандырылған ажыратқышты орнатуға, сондай-ақ олардың орналасуына қойылатын талаптар;

қосылу сипаты (тұрақты, құрылыс кезіндегі уақытша, маусымдық);

электрмен жабдықтау сенімділігі бойынша объектінің санаты;

2) электр қондырғыларының белгіленген қуаты 100 кВт жоғары тұтынушыларға:

мекенжайы (объектінің орналасқан орны); қосылу нүктесі;

пайдалануға рұқсат етілген қуаты;

электрмен жабдықтау сенімділігі бойынша объектінің санаты;

тұтынушыны электр желісіне қосуға қажетті талаптар, оның ішінде оны күшейту бойынша талаптар (электр беру желісі сымының қимасын ұлғайту, қосалқы станция трансформаторының қуатын ұлғайту, қосымша ұяшықтарды орната отырып, қосалқы станцияны реконструкциялау);

ұйымдастыру, реле қорғанысы мен автоматтандыру, аварияға қарсы



автоматика, диспетчерлік және технологиялық басқару, электр энергиясын есепке алу, реактивтік қуатты өтеу жөніндегі талаптар; қосылу сипаты (тұрақты, құрылыс кезіндегі уақытша, маусымдық).

10-11. Энергия өндіруші ұйым белгіленген қуаты 1000 кВт астам тұтынушылардың электр қондырғылары үшін техникалық шарттарда мыналарды көрсетеді:

- 1) мекенжайы (объектінің орналасқан орны);
- 2) қосылу нүктесі;
- 3) пайдалануға рұқсат етілген қуаты;
- 4) электрмен жабдықтау сенімділігі бойынша объектінің санаты;
- 5) тұтынушыны электр желісіне қосуға қажетті талаптар, оның ішінде оны күшейту бойынша талаптар (электр беру желісі сымының қимасын ұлғайту, қосалқы станция трансформаторының қуатын ұлғайту, қосымша ұяшықтарды орната отырып, қосалқы станцияны реконструкциялау);
- 6) ұйымдастыру, реле қорғанысы мен автоматтандыру, аварияға қарсы автоматика, диспетчерлік және технологиялық басқару, электр энергиясын есепке алу, реактивтік қуатты өтеу бойынша талаптар;
- 7) қосылу сипаты (тұрақты, құрылыс кезіндегі уақытша).

10-12. Техникалық шарттарда көрсетілген талаптардың негізділігіне күмән пайда болған жағдайда, тұтынушы энергетикалық сараптаманы жүргізу үшін сараптамалық ұйымға жүгінеді. Тұтынушының жазбаша өтініші (өтінімі, арызы) бойынша сараптамалық ұйым энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға өтініш берген кезде энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым барлық сұратылған мәліметтерді ұсынады.

10-13. Сараптамалық ұйымның техникалық шарттарда көрсетілген талаптардың негізсіздігі туралы қорытындысының негізінде тұтынушы энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға техникалық шарттарды алуға жазбаша өтінішті (өтінімді, арызды) қайта береді.

10-14. Техникалық шарттарда көрсетілген талаптарды өзгертуден қайтадан бас тартылған жағдайда, тұтынушы энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның іс-қимылдарына қолданыстағы заңнамаға сәйкес шағымданады.

10-15. Техникалық шарттарды алған жағдайда, тұтынушы жобалау қызметіне лицензиясы бар жобалау ұйымына жүгінеді.

10-16. Жобалау жұмыстарын орындағаннан кейін тұтынушы сыртқы электрмен жабдықтау схемасы бойынша жобалық шешімдерді энергия беруші (энергия өндіруші) ұйыммен келіседі. Жобалық шешімдерді келісу мынадай мерзімде:

- 1) электр қондырғысының белгіленген қуаты 100 кВт дейін (қоса алғанда) үш жұмыс күні ішінде;

2) электр қондырғысының белгіленген қуаты 100 кВт астам жиырма жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

10-17. Тұтынушы электр монтаждау және қабылдау-тапсыру жұмыстарын орындағаннан кейін, техникалық шарттарда және жобалық шешімдерде көрсетілген талаптардың орындалуы/орындалмауы туралы қорытынды алу үшін сараптамалық ұйымға жүгінеді.

10-18. Сараптамалық ұйымның оң қорытындысы болған кезде тұтынушы энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға техникалық шарттарда көрсетілген талаптардың орындалғаны туралы хабарлайды. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым хабарламаны алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде қосылу нүктесін және коммерциялық есепке алу схемасын қарайды, оның қорытындысы б о й ы н ш а :

1) техникалық шарттардың талаптарын орындау туралы қорытындыны ресімдейді және тұтынушыға береді;

2) коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау, теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу актілерін ресімдейді және тұтынушыға береді;

3) тұтынушыны өзінің электр желілеріне қосады және тұтынушыға қосылуы туралы акт береді.

## **2-2. Жылу желілеріне қосылу үшін техникалық шарттарды берген кезде реттеліп көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізуін ұйымдастыру рәсімі**

**Ескерту. Қағида 2-2-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

10-19. Техникалық шарттарды алу үшін тұтынушы энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға жазбаша өтініш (өтінім, арыз) береді. Өтінімде мыналар көрсетіледі :

1) объектінің атауы ;  
2) объектінің орналасқан орны ;  
3) тапсырыс беруші ұйымының толық атауы, мекенжайы мен телефоны;  
4) жоба болған жағдайда, жобаланатын объектіні сипаттайтын деректер ( энергияны тұрмыстық тұтынуға пайдаланатын тұтынушылар үшін техникалық п а с п о р т ) .

10-20. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым тұтынушыдан жазбаша өтінішті (өтінімді, арызды) алғаннан кейін он төрт жұмыс күні ішінде тұтынушыны жылумен жабдықтау желісіне қосуға арналған техникалық

ш а р т т а р д ы

б е р е д і .

10-21. Энергия беруші ұйым тұтынушылар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды орындаған жағдайда, оларды жылу желілеріне қосудан, сондай-ақ оларға жылу энергиясын беруден  
б а с т а р т п а й д ы .

10-22. Тұтынушы объектісін жылу желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарда мыналар көрсетіледі:

1) жылумен жабдықтау көзі, жылу желілеріне қосу нүктесі, берілетін жылу энергиясының сапасы;

2) басқа тұтынушылардың жүктемелерін ескере отырып, негізгі және резервтегі іске қосу нүктелеріндегі жылу тасымалдағыштың параметрлері мен гидравликалық режимі;

3) қажет болған жағдайда, басқа тұтынушылардың жүктемелерін қосу перспективасын ескере отырып, негізгі тұтынушының жүктемесі;

4) қайтарылатын өндірістік конденсаттың саны, сапасы және қайта айдау режимі, қажет болған жағдайда, конденсатты жинау және қайтару схемасы;

5) жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарын орнату жөніндегі талаптар (жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйесін орнату кемінде 50 кВт орташа сағаттық жылу энергиясын тұтынатын объектілерге қолданылмайды);

6) жылу желілерін салу тәсілі;

7) жылыту-желдету мен технологиялық жүктемелерді және ыстық сумен жабдықтау жүктемесін қосу схемасы;

8) температуралық кесте мен желілік судың шығысы;

9) салынып немесе қайта жаңартылып отырған жылу желілерінің теңгерімдік және пайдалану тиесілілігі мен тараптардың пайдалану жауапкершілігінің шекаралары .

10-23. Техникалық шарттардың қолданылу мерзімі ҚР ҚН 1.02-01-2008 жобалау нормаларының, ҚР ҚНЖЕ 1.04.03-2008 құрылыс тиесілігі нормаларының талаптарына сәйкес, бірақ кемінде бір жылға айқындалады.

10-24. Жылу тұтынатын қондырғылары тұтынушылардың желілеріне қосылатын қосалқы тұтынушылар техникалық шарттарды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымнан алады және тұтынушымен келіседі.

10-25. Объект иесі өзгерген жағдайда, жаңа меншік иесі меншік құқығы тіркелген сәттен бастап он жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда энергия беруші (энергия өндіруші) және энергиямен жабдықтаушы ұйымға объект иесінің ауысқаны туралы хабарлайды. Тұтынушыға бұрын берілген техникалық шарттарды, актілер мен шарттарды қайта ресімдеу тек меншік иесінің ауысуы бөлігінде ғана жүзеге асырылады.

10-26. Техникалық шарттарда көрсетілген талаптардың негізділігіне күмән туындаған жағдайда, тұтынушы сараптамалық ұйымға энергетикалық сараптама жүргізу үшін жүгінеді. Тұтынушы өтінішінің негізінде сараптамалық ұйым энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға өтініш берген кезде энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым барлық сұратылған мәліметтерді береді.

10-27. Тұтынушы техникалық шарттарды беруден бас тартудың немесе техникалық шарттарда көрсетілген талаптардың негізсіздігі туралы сараптамалық ұйымның оң қорытындысының негізінде энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға техникалық шарттарды алуға жазбаша өтінішті (өтінімді, а р ы з д ы ) қ а й т а б е р е д і .

10-28. Техникалық шарттарды беруден немесе техникалық шарттарда көрсетілген негізсіз талаптарды өзгертуден қайта бас тарту энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның іс-әрекетіне шағымдануға негіз болып табылады.

10-29. Қосылуға арналған техникалық шарттарды алған жағдайда, тұтынушы құрылыс салу жүйесінде жылу энергиясын өндіру және тасымалдау объектілерін орналастыра отырып, елді мекендерді жылумен жабдықтау, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасқан өндірістік кешендерді жылумен жабдықтау схемаларын жобалау бойынша жобалық қызметті орындауға лицензиясы бар ж о б а л а у ш ы ұ й ы м ғ а жүгінеді.

10-30. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым тұтынушыдан өтінішті (өтінімді, арызды) алғаннан кейін үш жұмыс күн ішінде: сыртқы жылу желілері; жылу торабы; есепке алу аспаптары; ішкі жылу желілері ж о б а л а р ы н к е л і с е д і .

10-31. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның жылу желілеріне қосуды тұтынушының жазбаша өтініші бойынша осы (қосылу бойынша) жұмыстардың ақысы төленгеннен кейін ұйымның өзі жүзеге асырады.

10-32. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым жылу желісіне қосылғаннан кейін тұтынушы мынадай тәртіппен:

1) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның өкілдерімен бірлесіп, теңгерімдік тиесілігі мен пайдалану жауапкершілігінің шекарасын бөлу актісін үш жұмыс күні ішінде ресімдейді;

2) жылу торабын салғаннан, есепке алу аспаптарын және ішкі жылумен жабдықтау жүйелерін монтаждағаннан кейін қайта монтаждалған жабдықтарды жуып-шаю және сығымдау жұмыстарының орындалуын қабылдау үшін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның өкілін шақырып, кейіннен үш жұмыс күні ішінде актілерді (есепке алу аспаптарын пайдалануға рұқсат беру актісі, жылу торабын және ішкі жылумен жабдықтау жүйелерін қабылдау актісі) ресімдейді.

3) екі жұмыс күні ішінде объект паспортын ресімдейді және дроссель құрылғыларының (сопло, шайба) өлшемдерін алады. Дроссель құрылғыларын

дайындау нормативтік-техникалық құжаттамалар мен алынған есептеулерге сәйкес жүргізіледі. Дроссель құрылғыларын орнату кезінде пломбалау үшін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның өкілі шақырылады;

4) алдағы және одан кейінгі жылыту маусымдарына жылу тұтыну қондырғылары мен жылу желілерінің техникалық әзірлігі туралы актіні алу үшін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға жуып-шаю, сығымдау және ретке келтіру актілерін ұсынады.

### **3. Қызметін электр энергиясының көтерме сауда нарығында жүзеге асыратын Субъектінің электр энергиясын беру және (немесе) тарату саласындағы қызметтеріне қол жеткізудің тең жағдайларын ұйымдастыру тәртібі**

11. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында Субъектінің электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерін тұтынушылар:

- 1) электр энергиясының тұтынушылары;
- 2) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар (бұдан әрі – ЭЖҰ);
- 3) энергия беруші ұйымдар болып табылады.

12. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында қызмет көрсететін Субъект электр энергиясын тұтынушылардың және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың өзінің қызметтеріне кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізуін:

1) ұлттық және (немесе) өңірлік электр желілеріне белгіленген тәртіппен технологиялық жалғанған электр энергетикасы объектілері (энергия қабылдаушы құрылғылар) болған;

2) электр энергиясының көтерме сауда нарығында кемінде 1 Мвт көлемінде орта тәуліктік (базалық) қуатты сатып алған;

3) Жүйелік операторда орнатылған жүйелермен бірегейлендіру үшін автоматтандырылған коммерциялық есептеу жүйелері, телекоммуникация жүйелері болған жағдайда қамтамасыз етеді.

13. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында қызмет көрсететін Субъект өзінің қызметтеріне ЭЖҰ-ның кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізуін:

1) электр энергиясының көтерме сауда нарығынан кемінде 1 Мвт көлемінде орта тәуліктік (базалық) қуатты жеткізу/тұтыну талаптарын орындаған;

2) ол қызмет көрсететін нарық субъектілерінде ұлттық және (немесе) өңірлік электр желілеріне технологиялық жалғанған электр энергетикасы объектілері (энергия қабылдаушы құрылғылары) болған жағдайда қамтамасыз етеді.

### **4. Қызметін электр энергиясының бөлшек сауда нарығында жүзеге асыратын Субъектінің электр энергиясын беру және (немесе) тарату**

## саласындағы қызметтеріне қол жеткізудің тең жағдайларын ұйымдастыру тәртібі

14. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығында Субъектінің электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерін тұтынушылар:

- 1) ЭЖҰ, оның ішінде электр энергиясына кепілдік беретін жеткізушілер ( б ұ д а н ә р і - Э К Ж ) ;
- 2) электр энергиясының бөлшек сауда тұтынушылары;
- 3) энергия беруші ұйымдар болып табылады.

15. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығында қызмет көрсететін Субъект өзінің қызметтеріне барлық ЭЖҰ-ның (ЭКЖ) кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізуін ЭЖҰ-ға (ЭКЖ) қызмет көрсету аймағында тұтынушылардың:

- 1) Субъектінің электр желілік объектілеріне белгіленген тәртіппен технологиялық жалғанған электр желілік объектілері (электр беру желілері, ш а ғ ы н с т а н ц и я л а р ы ) ;
- 2) жинақталған ақпараттың ұзақ мерзімді тіркелімі және тұтынылатын қуат пен энергияның шамасы туралы деректерді беру мүмкіндігі бар электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптары мен жүйелері;
- 3) коммерциялық есепке алу аспаптары бойынша тұтынылатын қуат пен энергияның шамасы туралы деректерді жинақтайтын автоматтандырылған жүйесі және Субъектінің диспетчерлік пунктіне беру құралдары болған жағдайда қ а м т а м а с ы з е т е д і .

16. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығында қызмет көрсететін Субъектінің өзінің қызметіне кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізуді қамтамасыз етуі үшін Субъектінің желілеріне жалғанған электр энергиясының бөлшек сауда нарығын тұтынушыда нормативтік талаптарға және Субъект берген техникалық шарттарға сәйкес келетін электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптары болуы қажет.

17. Субъектінің электр желісіне жалғану және қызмет көрсету шартын жасасу кезінде қызметтің кез келген тұтынушысына шартта айқындалған, жалғанған қуат шегінде кез келген уақыт кезеңінде электр энергиясын алу құқығы бекітіледі, оның сапасы мен параметрлері нормативтік-техникалық талаптарға с ә й к е с к е л у г е т и і с .

18. Субъектідегі пайдаланылатын электр желісінің өткізу қабілеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

19. Субъектідегі пайдаланылатын электр желісінің өткізу қабілеті шектелген жағдайда, қосымша қуатты жалғау мүмкін болмаса не осындай жалғау басқа

тұтынушыларға ұсынылатын қызметтер сапасының нашарлауына алып келсе, Субъект қолданыстағы заңнамаға сәйкес тұтынушыға электр желісін күшейтуге техникалық шарттар береді.

## **5. Жылу энергиясын өндіру саласындағы қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын ұйымдастыру тәртібі**

20. Жылу энергиясын өндіру жөніндегі Субъектінің қызметтерін тұтынушылар :

1) Субъектінің жылу көзіне жалғанған жеке меншік желілері бар жылу энергиясын тұтынушылар ;

2) энергия беруші ұйымның желілеріне қосылған жылу энергиясын тұтынушылар ;

3) жылу энергиясын беруді және (немесе) таратуды жүзеге асыратын энергия беруші ұйымдар ;

4) жылу энергиясын сатып алуды - сатуды жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар болып табылады.

21. Субъект өзінің қызметтеріне тұтынушылардың кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізудің :

1) Субъектінің жылу энергетикасы объектілеріне белгіленген тәртіппен жалғанған жылу желілері мен жылу пайдаланатын қондырғылары;

2) есеп айырысатын есепке алу аспаптары болған жағдайда қамтамасыз етеді.

22. Субъектінің жылу көзіне жалғану және қызметтер көрсету шартын жасасу кезінде қызметтердің кез келген тұтынушысына шартта айқындалған жылу энергиясын ең жоғары сағаттық жүктеме және тұтынылатын жылу энергиясы санының шегінде жылу энергиясын алу құқығы бекітіледі, бұл ретте жылу энергиясының сапасы мен параметрлері нормативтік-техникалық талаптарға сәйкес келуге тиіс .

23. Қызметтерді тұтынушыларға алынған техникалық шарттарда белгіленген жобалық шамадан асатын жылу энергиясының тұтынылатын жүктемесі мен санын ұлғайтқан жағдайда, Субъект Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы тұтынушыға техникалық мүмкіндік болған кезде қосымша қуаттарды жалғауға техникалық шарттар береді.

## **6. Жылу энергиясын беру және (немесе) тарату саласындағы қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын ұйымдастыру тәртібі**

24. Субъектінің жылу энергиясын беру және (немесе) тарату қызметтерін тұтынушылар :

1) Субъектінің желілеріне жалғанған жеке меншік желілері бар жылу

энергиясын

тұтынушылар;

2) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар (бұдан әрі - ЭЖҰ) болып табылады.

25. Субъект өзінің қызметтеріне Субъектінің желілеріне жалғанған жеке меншік желілері бар жылу энергиясын тұтынушылардың кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізуін:

1) Субъектінің жылу желілеріне жалғанған жылу пайдаланушы қондырғылары;

2) есеп айырысатын есепке алу аспаптары болған жағдайда қамтамасыз етеді.

26. Субъект өзінің қызметтеріне ЭЖҰ-ның кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізуін:

1) жылу желілерінің теңгерімдік тиесілілігінің шекарасы және тараптардың пайдалану жауапкершілігі айқындалатын ЭЖҰ-ның тұтынушыларымен жылумен жабдықтау шарты;

2) ЭЖҰ тұтынушыларында Субъектінің жылу желілеріне белгіленген тәртіппен жалғанған желілері және (немесе) жылу пайдаланушы қондырғылары;

3) ЭЖҰ тұтынушыларында есеп айырысатын есепке алу аспаптары болған жағдайда қамтамасыз етеді.

27. Субъектінің жылу желісіне жалғану және қызметтер көрсету шартын жасасу кезінде қызметтердің кез келген тұтынушысына шартта айқындалған жылу энергиясын ең жоғары сағаттық жүктеме және тұтынылатын жылу энергиясы санының шегінде жылу энергиясын алу құқығы бекітіледі, бұл ретте жылу энергиясының сапасы мен параметрлері нормативтік-техникалық талаптарға сәйкес келуге тиіс.

28. Қызметтерді тұтынушыларға алынған техникалық шарттарда белгіленген жобалық шамадан асатын жылу энергиясының тұтынылатын жүктемесі мен санын ұлғайтқан жағдайда, Субъект Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы тұтынушыға техникалық мүмкіндік болған кезде қосымша қуаттарды жалғауға техникалық шарттар береді.

## **7. Электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру саласындағы қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын ұйымдастыру тәртібі**

29. Субъектінің электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру қызметтерін тұтынушылар:

1) электр энергиясын желінің тиесілілігіне қарамастан барлық кластағы кернеу желілеріне босатуды жүзеге асыратын энергия өндіруші ұйымдар;

2) электр энергиясын желінің тиесілілігіне қарамастан кернеулердің барлық



кластағы желілері арқылы импорттаушы тұтынушылар болып табылады.

30. Субъект электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру қызметтеріне осы Қағидалардың 29-тармағында көрсетілген тұтынушылардың кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізуін:

1) ұлттық және (немесе) өңірлік электр желісіне қол жеткізуі;

2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйелері;

3) энергия өндіруші ұйымдар үшін Субъектінің телекоммуникация, байланыс жүйелерімен және жедел-ақпараттық кешенімен бірыңғайланған Субъектінің диспетчерлік орталықтарымен телекоммуникация және байланыс жүйелерімен жарақталған жұмыс істейтін диспетчерлік пункті және диспетчерлік басқарудың жедел-ақпараттық кешені;

4) тұтынушылар үшін Субъектінің диспетчерлік орталықтарымен байланыс құралдарымен жарақталған диспетчерлік пункттер немесе осындай өкілеттіктерді басқа диспетчерлік орталыққа беру туралы құжат болған жағдайда қамтамасыз етеді.

31. Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі субъектінің қызметін тұтынушылар:

1) энергия өндіруші ұйымдар, оның ішінде өндіріс кешенінің құрамына кіретіндер;

2) энергия беруші ұйымдар;

3) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар;

4) электр энергиясының көтерме нарығының тұтынушылары болып табылады.

32. Субъект осы Қағидалардың 31-тармағында көрсетілген тұтынушылардың электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру саласындағы қызметтерге кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

## **8. Магистральдық темір жол желісі саласындағы қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын ұйымдастыру тәртібі**

33. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу және магистральдық темір жол желісін пайдалану шартын жасасу үшін тұтынушылар Субъектіге белгіленген нысанда және мерзімде өтініш, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі № 424 қаулысымен бекітілген Магистральдық темір жол желісін пайдалану ережесіне (бұдан әрі – Магистральдық темір жол желісін пайдалану ережесі) сәйкес құжаттар жолдайды.

34. Субъект өтініштерді магистральдық темір жол желісінің қызметтерін тұтынушылар ұсынған өтініштерді тіркеу тізілімінде түскен күні мен уақытын, сондай-ақ тіркеу нөмірін көрсете отырып, түскен күні тіркейді. Өтінішті қарау

мерзімі мен тәртібі де Магистралдық темір жол желісін пайдалану ережесінде р е г л а м е н т т е л г е н .

35. Тіркеуден бас тартуға, өтініштердің түскен күні мен уақытын, сондай-ақ оларды тіркеу нөмірлерін бұрмалауға жол берілмейді.

36. Оператор магистральдық желіде орталықтан басқаруды және тасымалдау процесін ұйымдастыруды жолаушылар мен жүк поездары қозғалысы кестесінің негізінде жүзеге асырады. Поездар қозғалысы кестесін әзірлеу кезінде Магистралдық темір жол желісін пайдалану ережесіне сәйкес кезектілік с а қ т а л а д ы .

37. Тасымалдаушының поездар қозғалысының нақты бір бағытында магистральдық темір жол желісін оның өткізу қабілетінің шектелуіне байланысты пайдалануға беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, тасымалдау Магистралдық темір жол желісін пайдалану ережесінде көзделген кезектілікпен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

38. Субъект халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, магистральдық темір жол желісінің қызметтеріне тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұтынушылардың өз мемлекетінің резидент тұтынушыларынан кем болмайтын қолайлы жағдайларда тең қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

## **9. Концессия шарттары бойынша темір жол көлігі объектілері бар темір жол қызметтеріне қол жеткізудің тең жағдайларын ұйымдастыру тәртібі**

39. Тасымалдаушыларға концессия шарттары бойынша темір жол көлігі объектілері бар темір жолдарға қол жеткізуді ұсынуға Магистралдық темір жол желісін пайдалану қағидаларына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес тараптардың негізгі шарттары, құқықтары және міндеттері айқындалатын магистралдық темір жол желілерінің операторы мен тасымалдаушы(лар) арасында жасалған магистралдық желіні пайдалану шарты негіз болып табылады .

40. Тасымалдаушылардың концессия шарттары бойынша темір жол көлігі объектілері бар темір жолдарды Магистралдық желіні пайдалану шартын жасамастан пайдалануына жол берілмейді.

41. Концессия шарттары бойынша темір жол көлігі объектілері бар темір жолдарға қол жеткізу концессия шартын іске асыру үшін олардың өзара

іс-қимылдарын регламенттейтін магистралдық темір жол желілерінің операторы мен концессионер арасындағы жасалған шартты ескере отырып тасымалдаушыларға ұсынылады.

## **10. Кірме жолдар саласындағы қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын ұйымдастыру тәртібі**

42. Тұтынушылар қозғалыстың, техникалық құралдардың және жылжымалы құрамның қауіпсіздігі қамтамасыз етілген жағдайда кірме жолдардың қызметтерін үлгі шарттың негізінде пайдаланады.

43. Тұтынушылар кірме жолдардың қызметтерін пайдалану құқығын алу үшін Субъектіге екі данада жазбаша өтініш жолдайды. Субъект өтінішті түскен күні мен уақытын көрсете отырып тіркейді, бұл ретте тіркелген өтініштің бір данасы тұтынушыға беріледі.

44. Субъект кірме жолдар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін тіркеу журналын жүргізеді, ол нөмірленуі және тігілуі тиіс. Кірме жолдар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушылардың өтініштерін тіркеу журналында өтініш түскен күні мен уақыты, сондай-ақ тіркеу нөмірі тіркеледі.

45. Тіркеуден бас тартуға, өтініштердің түскен күні мен уақытын, сондай-ақ олардың тіркеу нөмірлерін бұрмалауға жол берілмейді.

46. Субъект өтініштерді қарауды олардың түсу кезектілігіне сәйкес келетін реттілікпен 5 сағаттың ішінде жүргізеді.

47. Бір күнде бірнеше өтініштер түскен кезде, оларды бір мезгілде қанағаттандыру кірме жолдың өткізу қабілетімен шектелген жағдайда, кірме жолдар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсету кірме жолдың техникалық және технологиялық мүмкіндігіне қарай мәлімделген көлемге тепе-тең орташа өлшенген қағидат бойынша тұтынушыны өтініш түскен кезден бастап 7 сағат ішінде жазбаша хабардар ете отырып жүзеге асырылады.

48. Тұтынушы кірме жолдар қызметтерінен бас тартқан жағдайда, Субъект кірме жолдар қызметтерін өтініш берген кезектілігі бойынша келесі тұтынушыға ұсынады.

## **11. Әуежайлардың қызметтеріне тең қол жеткізуді ұйымдастыру тәртібі**

49. Слоттарды бөлу әуеайлақ аумағында ұшуларды, ұшу-қону жолағындағы қозғалыстарды қауіпсіз орындауды, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуді және әуежайда жолаушыларға қызмет көрсетуді жоспарлау шарттарына сүйене отырып жүргізіледі.

50. Тұтынушылар слоттарды (олардың өзгерісін) ұшу, қону Субъектісімен тұтынушыға слоттарды келісуге жазбаша нысанда өтінім (бұдан әрі – өтінім) жіберу жолымен келіседі.

51. Өтінімде мынадай мәліметтер беріледі:

- 1) рейсті орындау маусымы;
- 2) авиакомпания коды;
- 3) рейс нөмірі;
- 4) орындау күндері;
- 5) әуе кемелерінің үлгілері;
- 6) орындықтар саны;
- 7) бағыты;
- 8) рейс үлгісі;

9) әуе кемесінің біліктілік нөмірін қоса алғанда, әуе кемесінің техникалық сипаттамалары.

52. Субъект слоттарды келісу өтінімдерінің тізілімін (бұдан әрі - Тізілім) жүргізеді. Тізілімде өтінімнің түскен күні мен уақыты, сондай-ақ оның тіркеу нөмірі тіркеледі. Тіркеуден бас тартуға, өтінімде көрсетілген деректерді және өтінімнің тіркеу нөмірін бұрмалауға жол берілмейді.

53. Тізілімде тіркелген өтінімдер туралы ақпарат барлық тұтынушыларға қол жетімді болуы тиіс. Тізілімде қамтылған мәліметтер Интернет желісінде әуежайдың ресми сайтында орналасады және күн сайын (жұмыс күндері) жаңартылуы тиіс. Тұтынушының жазбаша сұрауы бойынша Тізілімде қамтылған мәліметтерді Субъект өтініш келген күні береді.

54. Субъект өтінімді қарап, тұтынушыға жауапты оны алған күнінен бастап 3 жұмыс күнінің ішінде жолдайды.

55. Рейс параметрлері, өткізу қабілетінің нормативтері және әуежай жұмысының шектеулері өзгерген кезде, сондай-ақ слоттарды тұтынушының барлық өтінімдерін қанағаттандыратындай бөлу мүмкіндігі болмаған жағдайда, артықшылық жолаушылардың тұрақты рейстеріне беріледі және әуе желілері бойынша мынадай басымдық белгіленеді:

- 1) халықаралық;
- 2) ішкі;
- 3) халықаралық чартерлік;
- 4) ішкі чартерлік;
- 5) жүк.

56. Басымдығы бойынша бірдей және әуежайдың техникалық мүмкіндігінің шектелуінен бір мерзімде қанағаттандыру мүмкін емес слоттарды бөлуді көздейтін бірнеше өтінімдер болған кезде Субъект өтінімдерді қарау мен растауды Тізілімде тіркелген өтінімдерді беру кезектілігін ескере отырып жүзеге

а с ы р а д ы .

57. Әуежайлардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу мақсатында әуежайлар саласындағы Субъектілермен шарт жасасу үшін тұтынушыларда тұтынушы (пайдаланушы) сертификаты; азаматтық кемені мемлекеттік тіркеу туралы куәлік; әуе кемелерінің барлық үлгілері бойынша ұшу жарамдылығы сертификаттары болуы тиіс.

58. Шетелдік әуе тасымалдаушылары Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

## **12. Теңіз порттары саласындағы қызметтерге тең қол жеткізуді ұйымдастыру тәртібі**

59. Порттар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының астында жүзетін кемелерге және шетел кемелеріне көрсетіледі.

60. Кемелерге қызмет көрсету мына кезектілікпен жүргізіледі:

- 1) авариялық кемелер, көмек көрсетуге келе жатқан кемелер және бортында ауыр науқасты адам бар кемелер;
- 2) шекара әскерлерінің теңіз бөлімдерінің корабльдері мен кемелері;
- 3) кесте бойынша жүретін паромдар мен жолаушы кемелері;
- 4) газ тасушы кемелер;
- 5) тез бүлінетін жүктер мен балық өнімдері тиелген кемелер;
- 6) қауіпті жүктері бар кемелер;
- 7) желілік кемелер;
- 8) өтінімдер түскен уақытқа сәйкес басқа да кемелер.

61. Межелі портқа кеменің жақындауы туралы ақпаратты кеме капитаны Қазақстан Республикасының теңіз портына келе жатқан кезде порт диспетчеріне, порт капитанына және қажет болған жағдайда басқа да мекенжайларға береді.

62. Жақындау туралы ақпарат 48 сағат бұрын, екінші рет – 24 сағат бұрын хабарланады және келгенге дейін 4 сағат бұрын нақтыланады. Өту ұзақтығы 48 сағаттан кем болған кезде кеме жөнелту портынан шыққаннан кейін 2 сағат шегінде. Балық аулау кәсіпшілігі флотының капитандары кәсіптен шығу уақытын, сондай-ақ портқа жақындау уақытын 48 сағаттан кешіктірмей х а б а р л а й д ы .

63. Кеменің портқа келуі Теңіз порт әкімшілігінде шекара, кеден, санитарлық және карантиндік талаптар сақтала отырып, келген сәттен бастап 24 сағат ішінде ресімделеді. Кеменің келуі Жалпы декларацияны, кемелік рөлді және жолаушылар тізімін ұсыну бойынша ресімделеді.

64. Кеменің рейске шығуын ресімдеуді Порттың теңіз әкімшілігі жүзеге асырады. Ресімдеу кеменің техникалық және теңізде жүзуінің қанағаттанарлық жағдайын растайтын, уәкілетті орган немесе басқа топтастырғыш қоғам берген тиісті кеме құжаттары болған кезде, сондай-ақ өрт күзеті және санитарлық-карантиндік бақылау тарапынан кедергілер болмаған жағдайда жүргізіледі. Кеменің теңізге шығуға дайындығын Порттың теңіз әкімшілігі тексереді.

### **13. Аэронавигация қызметтеріне тең қол жеткізуді ұйымдастыру тәртібі**

65. Аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу мақсатында аэронавигация саласындағы Субъектілермен шарт жасасу үшін тұтынушылар аэронавигация саласындағы Субъектілерге жазбаша өтінішті  
м ы н а д а й

қ ұ ж а т т а р :

1) пайдаланушы сертификатының;  
2) азаматтық кемені мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің;  
3) әуе кемелерінің барлық түрлері бойынша ұшу жарамдылығы  
с е р т и ф и к а т т а р ы н ы ң ;

4 ) ж а р ғ ы ;

5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің\* немесе  
а н ы қ т а м а н ы ң

к ө ш і р м е с і н .

Ескертпе: \* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

6) қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің;  
7) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) үш әріптік код берілгені туралы хатының көшірмелерін қоса бере отырып жолдайды.

**Ескерту. 65-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.07.2013 № 738 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

66. Осы Қағидалардың талаптарын тұтынушылар мен Өкілдер сақтаған жағдайда, аэронавигация саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушыларға аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсетуден  
б а с т а р т у ы н а ж о л б е р і л м е й д і .

67. Шетелдік әуе тасымалдаушылары өз қызметін Қазақстан

Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

#### **14. Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тең қол жеткізуді ұйымдастыру тәртібі**

68. Тұтынушыларға мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) құзыретті орган бекіткен мұнайды жеткізу кестесіне сәйкес ұсынылады.

69. Магистральдық құбыржолының бос қуаты болмауы салдарынан реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетудің техникалық мүмкіндігі шектелген жағдайда, реттеліп көрсетілетін қызметтерге бірінші кезекте қол жеткізу басымдығы:

1) мұнайды Қазақстан Республикасының мұнай өңдеуші зауыттарына жеткізуді жүзеге асыратын;

2) мұнайды тасымалдау қызметтерін ұсынуға жасалған шартқа сәйкес тасымалдау үшін мұнайдың міндетті ең төменгі жылдық көлемін ұсыну міндеттемелерін алған;

3) аумағында тасымалдау жүзеге асырылатын елдердегі мұнай құбыры ұйымдары белгілейтін сапа бойынша техникалық талаптарға тасымалданатын мұнайдың қоспасын және (немесе) мұнай өнімдерін сәйкес келтіру мүмкіндігін беретін қажетті сападағы мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдауға ұсынатын;

4) жасалған шарттың талаптарына сәйкес және инвестициялар толық өтелгенге дейін магистральдық құбыржолдарының немесе оның жекелеген объектілерінің өткізу қуатын кеңейтуді инвестициялау үшін тартылған;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін және (немесе) Қазақстан Республикасының қатысуымен халықаралық келісімдерді орындауды қамтамасыз ететін;

6) өзінің мұнайын және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау үшін баламалы техникалық мүмкіндігі жоқ тұтынушыға беріледі.

70. Қағидалардың 67-тармағында көрсетілген тұтынушыларды қоспағанда, құзыретті орган тұтынушылар арасында магистральдық құбыржолдарының қуаттарын бөлуді тұтынушылар мәлімдеген мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдаудың көлемдеріне қатысты тепе-тең негізінде жүргізеді.

**15. Газбен жабдықтау желілеріне қосылуға техникалық шарттарды берген кезде тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын ұйымдастыру тәртібі**

**Ескерту. 15-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

71. Тұтынушының газды немесе газ конденсатын сақтау, магистральдық және (немесе) тарату құбыр жолдары арқылы тасымалдау, газ тарату қондырғыларын және олармен байланысты газ таратушы газ құбырларын пайдалану саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізуге арналған өтінімі мынадай мәліметтер мен құжаттарды қамтуы тиіс:

1) тұтынушының деректемелері;

2) заңды тұлғалар үшін (Қазақстан Республикасының резиденттері үшін – жарғы түпнұсқасының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің\* немесе анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмелері, Қазақстан Республикасының резиденттері еместер үшін – құрылтайшы-шетелдік заңды тұлға шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын, нотариалды куәландырылған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы бар сауда-саттық тізілімінің заңдастырылған үзіндісі немесе басқа да заңдастырылған құжат);

жеке тұлғалар үшін (кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркеу туралы құжат және жеке куәлігінің көшірмесі).

Ескертпе: \* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

3) барлық тұтынушылар үшін газды немесе газ конденсатының тиісті көлемінің болуын растау (ресурстық анықтама, газды немесе газ конденсатын сатып алу шартының нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

4) магистральдық және (немесе) таратушы құбыржолдары арқылы газды



немесе газ конденсатын тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге өтінім берілген жағдайда - барлық тұтынушылар үшін газды немесе газ конденсатын тасымалдаудың басталу және аяқталу мерзімі;

5) магистральдық және (немесе) тарату құбыржолдары арқылы газды немесе газ конденсатын тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге өтінім берілген жағдайда – барлық тұтынушылар үшін газ немесе газ конденсатын тасымалдау маршрутының басталатын пункті;

6) магистральдық және (немесе) таратушы құбыржолдары арқылы газды немесе газ конденсатын тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге өтінім берілген жағдайда – барлық тұтынушылар үшін газ немесе газ конденсатын тасымалдау маршрутының аяқталатын пункті;

7) газды сақтау және (немесе) газ таратушы қондырғыларды және олармен байланысты газ таратушы газ құбыржолдарын пайдалану жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге өтінім берілген жағдайда – барлық тұтынушылар үшін газ немесе газ конденсатын қабылдау туралы;

8) газды сақтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу үшін өтінім берілген жағдайда – барлық тұтынушылар үшін газ немесе газ конденсатын айдауды бастау және іріктеуді аяқтау мерзімі;

9) газ таратушы қондырғыларды және олармен байланысты газ таратушы газ құбыржолдарын пайдалану жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу үшін өтінім берілген жағдайда – барлық тұтынушылар үшін газ немесе газ конденсатын жеткізудің басталу және аяқталу мерзімі;

10) барлық тұтынушылар үшін жеткізілетін газдың немесе газ конденсатының сипаттамасы мен параметрлері;

11) газды немесе газ конденсатын магистральдық және (немесе) тарату құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуге өтінім берілген жағдайда – барлық тұтынушылар үшін Қазақстан Республикасының аумағы арқылы газды немесе газ конденсатын тасымалдау кезінде аумақтары арқылы газды немесе газ конденсатын тасымалдау жүзеге асырылатын елдердегі құбыржолдары иелерінің газ немесе газ конденсатының мәлімделген көлемін тасымалдауға жазбаша келісімі.

**Ескерту. 71-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.07.2013 № 738 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

72. Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұтынушылар ұсынған және олар болған елден шығатын құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен заңдастырылуы, не апостилі болуы тиіс.

73. Авария салдарынан реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетудің техникалық мүмкіндігі шектелген жағдайда не қаралып отырған барлық

өтінімдерді қанағаттандыру үшін құбыржолдарының жеткілікті бос қуаттары болмаған кезде газды немесе газ конденсатын магистральдық және (немесе) тарату құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектісі газды немесе газ конденсатын магистральдық және (немесе) тарату құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсететін қызметтерге бірінші кезекте қол жеткізу басымдығын тұтынушыларға арналған газды немесе газ конденсатын жеткізетін тұтынушыларға мынадай кезектілікпен береді:

- 1) газ немесе газ конденсатын тұрмыстық мақсатта пайдаланатын халық;
- 2) коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілер;
- 3) технологиялық процестің үздіксіз циклымен өнім шығару үшін шикізат немесе отын ретінде газ немесе газ конденсатын пайдаланатын тұтынушылар;
- 4) электр станциялары мен өндірістік кәсіпорындар, олардың көктемгі-қысқы кезеңдерде газбен жабдықталуы отынның резервтік түрлеріне ішінара немесе толық көшу жолымен заңнамада белгіленген тәртіппен реттелуі тиіс;
- 5) қалған тұтынушылар.

74. Авария салдарынан реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетудің техникалық мүмкіндігі шектелген жағдайда не қаралып отырған барлық өтінімдерді қанағаттандыруға газ қоймасының жеткілікті бос қуаттары болмаған кезде газды сақтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге бірінші кезекте қол жеткізу басымдығы тұтынушыларға арналған газды сақтайтын тұтынушыларға мынадай кезектілікпен беріледі:

- 1) газ немесе газ конденсатын тұрмыстық мақсатта пайдаланатын халық;
- 2) коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілер;
- 3) технологиялық процестің үздіксіз циклымен өнім шығару үшін шикізат немесе отын ретінде газ немесе газ конденсатын пайдаланатын тұтынушылар;
- 4) электр станциялары мен өндірістік кәсіпорындар, олардың көктемгі – қысқы кезеңдерде газбен жабдықталуы отынның резервтік түрлеріне олардың ішінара немесе толық көшу жолымен заңнамада белгіленген тәртіппен реттелуі тиіс;
- 5) қалған тұтынушылар.

74-1. Техникалық шарттарды алу үшін тұтынушы көрсетілетін қызметтерді жеткізушіге ең жоғары сағаттық тұтыну көлемін көрсете отырып, еркін нысанда жазбаша өтініш (өтінім, арыз) береді.

Жазбаша өтінішке (өтінімге, арызға) мыналар қоса беріледі:

- 1) жеке тұлғалар үшін – объект иесінің жеке куәлігінің көшірмесі, заңды тұлғалар үшін – мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі;
- 2) объект орналасқан жердегі жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін

құжаттың нотариалдық ресімделген көшірмесі не жылжымайтын мүлік иесінің объектіні газдандыруға нотариалдық ресімделген келісімі;

3) газдандырылатын объектіге (тұрғын үйге) арналған техникалық паспорттың көшірмесі немесе қолданыстағы (үй ішіндегі) желілерді реконструкциялауға арналған газдандырудың эскиздік жобасының көшірмесі;

4) пайдаланылатын ұйымдарға сәйкес келісілген 1:500 масштабтағы құрылыс учаскесінің топографиялық түсірілімі (барлық жер үсті және жер асты коммуникациялармен және құрылыстармен);

5) техникалық сипаттамасы көрсетілген газ тұтыну жабдықтарына арналған техникалық паспорттың көшірмесі;

6) объектінің орналасу схемасы;

7) заңды тұлғалар үшін – көп қабатты үйлерді газдандыру кезінде тамақ пісіруге, жылытуға, ауа алмастыруға, ауа баптауға, ыстық сумен жабдықтауға табиғи газды пайдалануға гидравликалық есептер.

**Ескерту. 15-бөлім 74-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

74-2. Жаңа, кеңейтілетін немесе реконструкцияланатын объектілердің газбен жабдықтау жүйелерінің өндірістік қуаттарын анықтау қажет болған кезде, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші осы Қағидалардың 74-1-тармағына сәйкес жазбаша өтініш (өтінім, арыз) келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде коммерциялық есепке алу аспаптарын орнату бойынша ақпаратты, сауалнама парағын, жер учаскесін бөлу схемасын сұртады.

**Ескерту. 15-бөлім 74-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

74-3. Көсетілетін қызметтерді жеткізуші техникалық шарттарды беруді осы Қағидалардың 74-1-тармағына сәйкес жазбаша өтініш (өтінім, арыз) келіп түскен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

**Ескерту. 15-бөлім 74-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

74-4. Объектілерді газбен жабдықтауға, қосуға техникалық шарттарды беру:

1) осы Қағидалардың 74-1-тармағына сәйкес өтінішке қоса берілетін құжаттар мен мәліметтер толық және дұрыс болған;

2) газдандырылатын объект Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің және нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес келген ;

3) объектіні газдандырудың техникалық мүмкіндігі болған кезде, сондай-ақ

жаңа объектілерді қосу немесе қолданыстағы қуаттарды арттыру басқа тұтынушыларға көрсетілетін қызмет сапасын төмендетуге әкелмеген жағдайда;

4) желілер болған жағдайларда жүзеге асырылады.

**Ескерту. 15-бөлім 74-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

74-5. Осы Қағидалардың 74-4-тармағындағы талаптардың біріне сәйкес келмеген жағдайда, жазбаша өтініш (өтінім, арыз) келіп түскен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде тұтынушыға бас тарту себептері көрсетіліп, жазбаша түрде дәлелді жауап жіберіледі.

**Ескерту. 15-бөлім 74-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

74-6. Техникалық шарттарда жабдықтардың рұқсат етілетін қуаты, саны, орналасуы және негізгі сипаттамалары көрсетіледі.

**Ескерту. 15-бөлім 74-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

74-7. Техникалық шарттар жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама құрамында бекітілген құрылыстың нормативтік ұзақтығының бүкіл мерзімі ішінде қолданылады.

**Ескерту. 15-бөлім 74-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

74-8. Газбен жабдықтау жүйесі объектісінің бастапқы жобалық шешімі өзгерген жағдайда, техникалық шарттар көрсетілетін қызметтерді жеткізушіге осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тұтынушының жаңа техникалық шарттарға жазбаша өтініш (өтінім, арыз) беруі арқылы олардың қолданылу кезеңі ішінде өзгертіледі.

**Ескерту. 15-бөлім 74-8-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

74-9. Техникалық шарттардың қолданылу кезеңі ішінде оларды көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің бастамасы бойынша өзгертуге тұтынушының келісімімен Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері мен нормативтік-техникалық құжаттарының талаптары өзгертілген жағдайда рұқсат етіледі.

**Ескерту. 15-бөлім 74-9-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он**

**күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

74-10. Көрсетілетін қызметтерді жеткізуші берілген техникалық шарттардың есебін жүргізеді.

**Ескерту. 15-бөлім 74-10-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

74-11. Объект иесі ауысқан кезде мүдделі тараптардың бірі (иесі, сатып алушы, жалға алушы) сатып алу-сату (мүліктік жалдау) шарты жасалған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде көрсетілетін қызметтерді жеткізушіге иесінің ауысуы туралы хабарлайды және көрсеткіштерді, коммерциялық есепке алу аспаптарының қосылу схемасын тексеріп салыстыру үшін олардың өкілдерін белгіленген күні мен сағатта шақырады. Көрсетілетін қызметтерді жеткізуші тиісті актіні жасайды және тұтынушыға сол жерде береді.

Көрсетілетін қызметті жеткізушіге иесінің ауысуы туралы хабарламамен бірге тараптардың теңгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін бөлу актілерін қайта ресімдеуге жібереді. Қайта ресімделген актіні беру мерзімі хабарлама алған күнінен бастап үш жұмыс күнін құрайды.

**Ескерту. 15-бөлім 74-11-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **16. Сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізуді ұйымдастыру және оларға қосылуға техникалық шарттарды берген кезде тең қол жеткізуді ұйымдастыру тәртібі**

**Ескерту. 16-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

75. Сумен жабдықтау және суды бұру жүйелерінің өндірістік қуаты жеткіліксіз болған кезде жүйелерге жалғану басқа тұтынушыларға қызметтерді көрсетудің нашарлауына алып келетін болса, жалғануға рұқсат сұраған тұтынушыға сумен жабдықтау және суды бұру жүйелерінің қосымша қуаттарын салуға техникалық шарттар беріледі.

76. Тұтынушыларды Субъектінің жүйелеріне қосу тұтынушыларда:

- 1) желілердің теңгерімдік тиесілілігінің шекарасы және тараптардың пайдалану жауапкершілігі белгіленген сумен жабдықтау және суды бұру қызметтеріне арналған шарт;
- 2) Субъектінің техникалық шарттарына жауап беретін желілер мен қажетті

ж а б д ы қ ;

3) суды есепке алу аспаптары болған жағдайда жүргізіледі.

77. Тұтынушыларды Субъектінің жүйелеріне қосу "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес салынған сумен жабдықтау және суды бұру жүйелері қызмет беруші берген техникалық шарттарға толық сәйкес келген жағдайда жүргізіледі.

77-1. Техникалық шарттарды көрсетілетін қызметтерді жеткізуші осы Қағидалардың 10-4-тармағында санамаланған жағдайларда, сумен жабдықтау және су бұру объектілерін қосуға немесе инженерлік желілерін дамытуға елді мекеннің сумен жабдықтау және су бұру құрылыстары өнімділігінің қоры және желілерінің өткізу қабілеті жеткілікті болған жайғдайда береді.

**Ескерту. 16-бөлім 77-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

77-2. Жобаланып отырған объектінің сипаттамалары өзгерген жағдайда, тұтынушының осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жаңа техникалық шарттарға жазбаша өтініш (өтінім, арыз) беруі арқылы техникалық шарттардың қолданысы кезеңі ішінде олар өзгертілуі мүмкін.

**Ескерту. 16-бөлім 77-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

77-3. Сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің бастамасы бойынша техникалық шарттардың қолданысы кезеңі ішінде оларды өзгертуге тұтынушының келісімімен нормативтік-техникалық құжаттардың талаптары өзгерген жағдайда рұқсат етіледі.

**Ескерту. 16-бөлім 77-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

77-4. Сумен жабдықтау және/немесе су бұру жүйелеріне қосылуға техникалық шарттарды алуға арналған өтініште (өтінімде, арызда) мыналар көрсетіледі :

1) тұтынушының атауы мен деректемелері, өндірістік қызметінің сипаттамасы ;

2) тұтынушы техникалық шарттарды алуға уәкілеттік берген тұлға туралы мәліметтер (қажет болған жағдайда);

3) сумен жабдықтау және суды бұру қызметтерін тұтынуды белгілеу;

4) жобаланып отырған объектінің сумен жабдықтау және су бұру бойынша



бастапқы деректері (тәулігіне текше метр м<sup>3</sup> /тәулік, сағатына текше метр м<sup>3</sup> /сағ, секундына ең жоғары литр л/с) суды пайдалану түрлері бойынша, оның ішінде өрт сөндіру қажеттіліктеріне (секундына литр л/с);

5) сумен жабдықтау және/немесе су бұру қызметтерін өндірісте тұтынған жағдайда сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін тұтынудың мәлімделген көлемдерін негіздейтін материалдар;

б) тұтынушы өндірістік сарқынды суларды тазарту үшін жергілікті тазалау құрылыстарының сипаттамасын (қолданыстағы объектілер үшін);

7) сумен жабдықтау және/немесе су бұру қызметтерін өндірістік тұтынған жағдайда, елді мекеннің су бұру жүйесіне ағызылатын және ағызылуға тиіс с а р қ ы н д ы с у л а р д ы ң ;

қазіргі жағдайда және перспективада түрлері бойынша өндірістік сарқынды с у л а р д ы ң ш ы ғ ы с т а р ы ;

қазіргі жағдайда және перспективада тұрмыстық сарқынды сулардың ш ы ғ ы с т а р ы ;

қазіргі жағдайда және перспективада жекелеген көрсеткіштер (физикалық, химиялық, биохимиялық, бактериологиялық, радиоактивті) өндірістік сарқынды с у л а р д ы ң қ ұ р а м ы ;

шығарудағы сарқынды сулардың тұрмыстық шығыстары жөніндегі деректер м е н с и п а т т а м а л а р ы ;

8) қосылатын объектінің сипаттамалары (ғимараттың мақсаты, биіктігі немесе қабаты, қосалқы тұтынушылардың тізбесі).

**Ескерту. 16-бөлім 77-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

77-5. Сумен жабдықтау және/немесе су бұру жүйелеріне қосылуға техникалық шарттар алуға арналған өтінішпен (өтініммен, арызбен) тұтынушы көрсетілетін қызметтерді жеткізушіге жана құрылысты салу үшін жер учаскесін (учаскені қолдану үшін рұқсатты) алу туралы жергілікті атқарушы органның шешімін немесе қолданыстағы объектілерді өзгертуге (реконструкциялауға, жаңадан жоспарлауға, қайтадан жабдықтауға) жергілікті атқарушы органның р ұ қ с а т ы н ұ с ы н а д ы .

**Ескерту. 16-бөлім 77-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

77-6. Көрсетілетін қызметтерді жеткізуші жазбаша өтінішті (өтінімді, арызды ) алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде объектіге қосылуға немесе сумен жабдықтау және су бұру құрылыстарының өнімділігінің қоры және сумен

жабдықтау және су бұру желілерінің өткізу қабілеттілігі жеткілікті болған кезде инженерлік желілерді дамытуға техникалық шарттар береді немесе себептерін көрсете отырып, техникалық шарттарды беруден бас тартады.

Бұл ретте тұтынушыға техникалық шарттарды беруден бас тарту үшін:

1) егер жаңа объектілерге қосылу немесе қолданыстағы қуаттарды ұлғайту басқа тұтынушыларға көрсетілетін қызметтер сапасының нашарлауына алып келетін жағдайлар;

2) осы Қағидалардың 77-4, 77-5-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық пакетін ұсынбау жағдайлары негіз болып табылады.

**Ескерту. 16-бөлім 77-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

77-7. Техникалық шарттарды беруден бас тарту жазбаша нысанда жасалады және бес жұмыс күні ішінде беріледі.

**Ескерту. 16-бөлім 77-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

77-8. Құрылыстардың өнімділігі және/немесе сумен жабдықтау және/немесе су бұру желілерінің өткізу қабілеті жеткіліксіз болған кезде көрсетілетін қызметтерді жеткізуші жаңа қуаттарды салуды ескере отырып, техникалық шартты береді.

**Ескерту. 16-бөлім 77-8-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

77-9. Техникалық шарттар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және нормативтік техникалық құжаттарының талаптары ескеріле отырып жасалады.

Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне бірнеше көрсетілетін қызметтерді жеткізуші қызмет көрсетсе, олардың әрқайсысы өздерінің теңгеріміндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылуға техникалық шарттарды әзірлейді және береді.

**Ескерту. 16-бөлім 77-9-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

77-10. Техникалық шарттар жоба (жобалық-сметалық) құжаттаманың құрамында бекітілген құрылыстың нормативтік ұзақтығы мерзімінде қолданады.

**Ескерту. 16-бөлім 77-10-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**



77-11. Көрсетілетін қызметтерді жеткізуші әзірленген және берілген техникалық шарттардың есебін және тіркеуді ұйымдастырады. Берілген техникалық шарттардың бір данасы көрсетілетін қызметтерді жеткізушіде сақталады. Берілген техникалық шарттардың мерзімі шектелмейді.

**Ескерту. 16-бөлім 77-11-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

77-12. Сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылу көрсетілетін қызметтерді жеткізуші беретін қосылуға арналған техникалық шарттардың негізінде әзірленген жобалық құжаттамаға сәйкес мынадай құжаттарды қоса бере отырып, қосылуға жазбаша өтінішті (өтінімді, арызды) алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі:

1) қызметтер жеткізушімен алдын ала келісілген объектінің сумен жабдықтау және су бұру желілері мен құрылыстарын салуға арналған жобасы;

2) жасырын жұмыстарға арналған акті;

3) жүйелерді гидравликалық сынаудың жүргізілуі және нәтижелері туралы акті;

4) суды бактериологиялық талдаудың теріс нәтижелерін ұсына отырып, сумен жабдықтау желілері мен құрылыстарын жуудың және дезинфекциялаудың жүргізілгені туралы акті;

5) электрондық және қағаз жеткізгіштерде 1:500 масштабындағы орындау түсірілімі;

6) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің теңгерімдік тиесілігін шектеу туралы акті;

7) есепке алу аспабын орнатудың және оларды пломбалаудың дұрыстығын тексеру актісі;

8) тұтынушы объектісінің сумен жабдықтау және/немесе су бұру жүйелерінің елді мекендегі сумен жабдықтау және/немесе суды бұру жүйелеріне қосылуға техникалық әзірлігінің және көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің техникалық талаптарын орындаудың актісі.

**Ескерту. 16-бөлім 77-12-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**17. Телекоммуникациялар қызметтерінің осы түрлерін ұсынудың технологиялық мүмкін болмауы не экономикалық тиімсіздігі себебінен бәсекелес байланыс операторы болмаған кезде телекоммуникациялар және телекоммуникациялар желілерін ортақ пайдаланудағы**

**телекоммуникациялар желісіне қосуға технологиялық жағынан байланысты кәбірдік кәріздер мен өзге де негізгі құралдарды мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға ұсыну салаларындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тең қол жеткізуді ұйымдастыру тәртібі**

78. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тұтынушылардың қол жеткізуінің тең жағдайларын қамтамасыз ету мынадай қағидаттарға сүйене отырып жүзеге асырылады:

1) барлық тұтынушылар үшін телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тең қолжетімділігі;

2) телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің барлық тұтынушыларына қатысты бірыңғай тарифтік саясат жүргізу;

3) телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтері тізбесінің, телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтері тарифтерінің (бағаларының, алым ставкаларының), телекоммуникациялар желілеріне қосылатын стандартты нүктелер тізбесінің және телекоммуникациялар желілерінің байланыс операторларын қосу шарттарының ақпараттық ашықтығы.

79. Телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу құқығын алу үшін тұтынушы Субъектіге телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсетуге еркін нысанда жасалған өтініш (бұдан әрі – өтініш) жолдайды.

80. Тұтынушылардың өтініштері өтініш көлеміне не қызметтер тұтынудың басқа жағдайларына қарамастан, тең жағдайлармен қабылданады.

81. Өтініш жазбаша түрде екі данада рәсімделеді, олардың бірі тіркелген нөмірмен, күнімен, түсу күнімен тұтынушыда қалады.

82. Субъект өтініштерді тіркеу журналын жүргізеді, ол нөмірленуі және тігілуі тиіс. Өтініштерді тіркеу журналында өтініш түскен күні мен уақыты, сондай-ақ оның тіркелген нөмірі тіркеледі.

83. Тіркеуден бас тарту, өтініштің түскен күні мен уақытын, сондай-ақ олардың тіркелген нөмірлерін бұрмалауға жол берілмейді.

84. Субъект өтініштерді қарауды олардың түсу кезектілігіне сәйкес келетін бірізділікпен күнтізбелік отыз күн ішінде жүргізеді.

85. Тұтынушы телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінен бас тартқан жағдайда, Субъект өтініш ұсынған кезектілігі бойынша келесі байланыс операторына ұсынады.

86. Субъект пен тұтынушы арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы

заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган бекіткен тарифтерді ( бағаларды, алым ставкаларын) ескере отырып шарт негізінде құрылады.

87. Тұтынушыларға тең жағдайлар ұсыну мақсатында Субъект реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуді алу кезеңінде өзінің интернет-ресурсында жариялайды не орналастырады:

- 1) телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тізбесі;
- 2) телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер ( бағалар, алым ставкалары );
- 3) қосылудың стандарттық нүктелер тізбесі;
- 4) телекоммуникациялар желісіне қосылу және телефон трафигін өткізуге байланысты, Субъектінің алаңдарын, үй-жайларын және мүліктерін қолдану шарттарын қоса алғанда, Субъектінің телекоммуникация желісіне байланыс операторларының телекоммуникация желілерін қосудың үлгі шарттары;
- 5) телефон кәрізін пайдалануға ұсыну бойынша үлгі талаптар;
- 6) Субъектінің үлгі шарттары.

88. Байланыс операторларын Субъектінің телекоммуникация желілеріне қосу олар Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген Трафикті өткізу және өзара есеп айырысу тәртібін қоса алғанда, телекоммуникация желілерін қосу және олардың өзара әрекеттестігі тәртібіне сәйкес Субъект беретін қосылуға және кәбілді төсеуге арналған техникалық шарттарды орындаған кезде жүргізіледі.

89. Субъект телефон кәрізінде арна немесе орынды тұтынушыларға тұтынушылардың кабель салуға арналған техникалық шарттарды орындау мерзімі ішінде ақысыз сақтайды.

90. Тұтынушылар қосылу және кәбілді төсеуге арналған техникалық шарттарды орындағаннан кейін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы № 1194 қаулысымен бекітілген Трафикті қосуға және өткізуге арналған үлгі шартқа, Байланыс операторына желілерін (кәбілдік) кәрізін пайдалануға беруге арналған үлгі шартқа сәйкес Субъект тұтынушылармен шарт жасасады.

91. Телефон кәрізін барлық мақсаттарға пайдалануға ұсыну бойынша қызметтер көрсететін Субъект өзінің қызметтеріне кедергісіз және кемсітусіз қол жеткізудің:

- 1) тұтынушылар Субъектінің техникалық шарттар талаптарын орындаған;
- 2) Субъектіде тұтынушыларға қызметтер ұсынатын техникалық мүмкіндігі болған жағдайда қамтамасыз етеді.

92. Субъектіге телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу шарттарын күштеп таңуға және оның тұтынушыларды кемсітуге алып келетін басқа да іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

93. Субъект тұтынушыларға телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін

қызметтерін және телекоммуникациялардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсетуіне байланысты ақпаратты ұсынады.

## **18. Қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну жөніндегі өтініштерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау тәртібі**

94. Тұтынушыға қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, тұтынушы уәкілетті органға өтініш жолдады.

Өтініште өтініш беруші туралы және оған қатысты өтініш берілген Субъект туралы мәліметтер, осы Қағидалардың талаптарын бұзу сипаттамасы, сондай-ақ өтініш білдіруші өтініште қойып отырған талаптар қамтылуы тиіс.

95. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілмейтін Тұтынушының өтінішін уәкілетті орган күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды.

Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілетін Тұтынушының өтініші уәкілетті органға түскен күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады және ол бойынша шешім қабылданады.

96. Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы тұтынушы қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап күнтізбелік үш күннің ішінде хабардар етіледі.

Өтініш бойынша қарау мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылады.

97. Субъект не қызметтерді тұтынушылар уәкілетті органның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара шағым жасауға құқылы.

## **19. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты ұсыну**

98. Магистральдық темір жол желісінің, кірме жолдың, әуежайлар мен порттардың көрсетілетін қызметтері туралы, олардың құны туралы, қол жеткізу тәртібі туралы, сондай-ақ магистральдық темір жол желісінің, кірме жолдың, әуежайлар мен порттардың өткізу қабілетінің болуы, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктері туралы ақпарат өтініштерді қабылдау орнында

мәтіндер, кестелер мен графиктер түрінде орналастырылады.

Электр энергиясын беру және (немесе) тарату, жылу энергиясын өндіру, жылу беру және (немесе) тарату, мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау, газды немесе газ конденсатын сақтау, магистральдық және (немесе) таратушы құбыржолдары арқылы тасымалдау, газ таратушы қондырғыларды және олармен байланысты газ таратушы газ құбыржолдарын және сумен жабдықтау және суды бұру жүйелерін пайдалану жөнінде көрсетілетін қызметтер туралы, олардың құны туралы, қол жеткізу тәртібі туралы ақпаратты Субъект қызметтерді тұтынушының сұрауы (жазбаша нысанда) бойынша береді.

99. Субъект магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсетуге өтініштерді қабылдау жерінде жоспарланған кезеңде мәлімделген тасымалдау көлемдерін поездар қозғалысының нақты бағытында магистральдық темір жол желісінің өткізу қабілетінен асырған жағдайда, жүрудің басқа маршруттары бойынша тасымалды жүзеге асыру мүмкіндігі туралы ақпарат орналастырады.

100. Субъект магистральдық темір жол желісі көрсететін қызметтер туралы, олардың құны туралы, магистральдық темір жол желісіне қол жеткізу тәртібі туралы, сондай-ақ поездар қозғалысының кестесіне сәйкес магистральдық темір жол желісінің өткізу қабілеті, қызметтерін көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етеді.

101. Аэронавигация саласындағы табиғи монополиялар субъектілері аэронавигацияның ұсынылып отырған реттеліп көрсетілетін қызметтері туралы, сондай-ақ осы қызметтерді көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктері туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының аэронавигациялық ақпарат жинағында жариялайды.

102. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат AIP, AIC және NOTAM жарияланады.

103. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу шарттарын күштеп таңуға немесе осы қызметтердің тұтынушыларын кемсітуге алып келетін өзге де іс-әрекеттерді жасауға жол берілмейді.

104. Уәкілетті орган Субъект ұсынған ақпаратты пайдаланған кезде мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық құпияның, Субъектінің және қызметтерді тұтынушылардың басқа да заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Субъект уәкілетті органның талабы бойынша көрсетілген Қызметтердің мәлімделген және іс жүзіндегі көлемдері туралы мәліметті қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен ұсынады.

Табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге

(тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің  
тең жағдайларын ұсыну қағидаларына

1-қосымша

Өтінім беруші: \_\_\_\_\_

( Т . А . Ә )

\_\_\_\_\_

( қ о л ы )

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(объектінің толық атауы)

**(электр қондырғыларының белгіленген қуаты қоса алғанда 100 килоВатқа дейін болатын тұтынушының)**

**қосуға арналған**

**өтінімі**

Ескерту. Қағида 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

О р н а л а с қ а н ж е р і

\_\_\_\_\_

(мекенжайын, орналасқан жерін көрсету)

Б а й л а н ы с т е л е ф о н д а р ы

\_\_\_\_\_

(уақытша электрмен жабдықтауға ТШ беру қажеттілігін көрсету (құрылыс кезеңі), тұрақты негізде электрмен жабдықтау)

Электрмен жабдықтау сенімділігі бойынша жалпы электр қабылдағыштардың және Электр қондырғыларын орнату қағидаларына сәйкес жекелеген технологиялық қондырғылардың санаты.

Қ о с ы м ш а л а р :

1) объекті орналасуының ахуалдық жоспары;

2) меншік құқығын растайтын құжаттың көшірмесі.

Табиғи монополиялар саласындағы

реттеліп көрсетілетін қызметтерге

(тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің  
тең жағдайларын ұсыну қағидаларына  
2-қосымша  
Б Е К І Т Е М І Н

( б а с ш ы н ы ң қ о л ы )

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

(объектінің толық атауы (қолданыстағы, қайта жаңартылып жатқан),  
ведомстволық тиесілігі және оның орналасқан жері),  
(электр қондырғыларының белгіленген қуаты 100 килоВаттан жоғары  
қазіргі тұтынушының) қосуға арналған

### өтінімі

Ескерту. Қағида 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

(уақытша электрмен жабдықтауға ТШ беру қажеттілігін көрсету (құрылыс  
кезеңі), тұрақты негізде электрмен жабдықтау)

1. Техникалық шарттар беру үшін негіздеме:

(Табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге  
(тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну  
қағидаларының тармағын көрсету)

2. Мәлімделген қуат және жылдар бойынша объектінің электр  
тұтынуы.

Жылдар	P, МВт	Э, млн. кВт сағат
Ағымдағы (20__ ж)		
Жоспарланатын (алдағы кезеңге - 5 жыл)		
20__ ж.		
20__ ж.		
20__ ж.		

3. Жүктеме сипаты - тұрақты, ауыспалы, маусымдық (қажеттінің  
а с т ы н с ы з у ) ;

4. Электр қондырғыларын орнату қондырғылары қағидаларына сәйкес

электрмен жабдықтау сенімділігі бойынша тұтастай электр кабылдағыштардың және жекелеген технологиялық қондырғылардың санаты.

5. Қосалқы тұтынушылардың тізбесі және олардың электр қондырғыларының техникалық сипаттамалары.

6. Қ о с ы м ш а л а р :

- 1) объекті орналасуының ахуалдық жоспары;
- 2) объектіні сыртқы электрмен жабдықтаудың қолданыстағы және болжамды схемасы (ЭБЖ-нің өткізгіштерінің ұзақтығы мен қимасын, ҚС трансформаторларының қуаты мен санын және қарастырылатын аудан желілерінің ведомстволық, теңгерімдік тиесілігін көрсете отырып);
- 3) объектінің мәлімделген қуатын растайтын электрлік жүктемелерінің есебі;
- 4) объектінің мәлімделген қуатын толық қолданғанын растайтын энергия өндіруші ұйымнан құжат;
- 5) электрмен жабдықтаушы резервтік көздер ретінде пайдалануға арналған өзінің генерациялық көздері (ГТҚ, ДЭС қуатын көрсете отырып) т у р а л ы а қ п а р а т ;

б) меншік құқығын растайтын құжаттың көшірмесі.  
Табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну қағидаларына  
3-қосымша

Б Е К І Т Е М І Н

-----  
( б а с ш ы н ы ң қ о л ы )

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

-----  
(объектінің толық атауы және оның орналасқан жері)

**(электр қондырғыларының белгіленген қуаты 100 килоВаттан астам жаңа тұтынушының) қосуға арналған өтінімі**

Ескерту. Қағида 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).



---

---

(қосылу нүктесін көрсету (ҚС шинасы, ЭБЖ атауы))  
1. Техникалық шарттар беру үшін негіздеме:

---

(Табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну қағидаларына тармақты көрсету)

2. Мәлімделген қуат және жылдар бойынша объектінің электр тұтынуы.

Жылдар	P, МВт	Э, млн. кВт сағат
20__ ж. (қосылған жыл)		
(алдағы кезең - 5 жыл)		
20__ ж.		
20__ ж.		

3. Жүктеме сипаты - тұрақты, ауыспалы, маусымдық.

4. Электр қондырғыларын пайдалану қағидаларына сәйкес электрмен жабдықтау сенімділігі бойынша жалпы электр қабылдағыштардың және жекелеген технологиялық қондырғылардың санаты.

5. Қосалқы тұтынушылардың тізбесі және олардың электр қондырғыларының сипаттамалары.

6. Қ о с ы м ш а л а р :

1) объектінің орналасуының ахуалдық жоспары;  
2) объектіні сыртқы электрмен жабдықтаудың болжамды схемасы (ЭБЖ-нің өткізгіштерінің ұзақтығы мен қимасын, ҚС трансформаторларының саны мен қуатын және қарастырылатын аудан желілерінің ведомстволық, теңгерімдік тиесілігін көрсетумен);

3) оның негізінде объектінің құрылысы жоспарланатын құжат (мемлекеттік, салалық бағдарламалар);

4) объектінің мәлімделген қуатын растайтын электрлік жүктеме есебі;

5) объектінің мәлімделген қуатын толық қолданғанын растайтын энергия өндіруші ұйымнан құжат;

6) электрмен жабдықтаушы резервтік көздер ретінде пайдалануға арналған өзінің генерациялық көздері (ГТҚ, ДЭС қуатын көрсете отырып) т у р а л ы а қ п а р а т ;

7) жер учаскелерін бөлу туралы шешімдердің, актілердің көшірмелері.

Табиғи монополиялар саласындағы  
реттеліп көрсетілетін қызметтерге  
(тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің  
тең жағдайларын ұсыну қағидаларына  
4-қосымша

## **Тұтынушыны сыртқы электрмен жабдықтау схемасының мазмұны**

Ескерту. Қағида 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

- 1) қазіргі электрмен жабдықтаудың жай-күйін шолу және 3(5)-10 жылға даму п е р с п е к т и в а с ы ;
- 2) тұтынушылардың электр жүктемелері және оны жабу көздері;
- 3) қуат және электр энергиясы теңгерімі (қазіргі жай-күйі және 3(5)-10 жылға а р н а л ғ а н п е р с п е к т и в а с ы ) ;
- 4) сыртқы электрмен жабдықтау схемасының нұсқалары;
- 5) ұсынылған сыртқы электрмен жабдықтау схемасының негіздемесі;
- 6) қарастырылып жатқан ауданның іргелес электр желілерімен электр режимдерінің есептері (қалыпты, авариядан кейінгі режимдер);
- 7) жабдықты таңдау үшін қысқа тұйықталу токтары деңгейлерінің есебі;
- 8) релелік қорғаныс пен автоматика, аварияға қарсы автоматиканы орындау қ а ғ и д а т т а р ы ;
- 9) диспетчерлік және технологиялық басқаруды ұйымдастыру қағидаттары;
- 10) электр энергиясын есепке алу;
- 11) энергияны сақтау бойынша жоспарланып отырған іс-шаралар;
- 12) электр желілік құрылыстың көлемдері, құрылыс құнының ұлғайтылған е с е б і ;
- 13) қ о р ы т ы н д ы л а р ;
- 14) сызбалар: қағидатты схемалар, карта-схемалар немесе ахуалдық жоспар, электрлік режимдер есептерінің нәтижелері, диспетчерлік және технологиялық басқаруды ұйымдастыру схемалары.

Табиғи монополиялар саласындағы  
реттеліп көрсетілетін қызметтерге  
(тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің  
тең жағдайларын ұсыну қағидаларына  
5-қосымша

**Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдардың желілеріне тұтынушылардың электр қондырғыларын қосуға арналған техникалық шарттарды беру кезіндегі қарауды регламенттейтін мерзімдері**

**Ескерту. Қағида 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1566 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Р/с №	Іс-қимылдар	мерзімі (жұмыс күндері)	Орындаушы
1	2	3	4
1	Белгіленген қуаты 100 килоВатқа дейін қоса алғанда электр қондырғылары үшін тұтынушы толық ақпарат берген кезде техникалық шарттар беру	7 күн	энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым, тұтынушы (қосалқы тұтынушы үшін)
2	Белгіленген қуаты 100-ден жоғары және 1000 килоВатқа дейінгі электр қондырғылары үшін тұтынушы толық ақпарат берген кезде техникалық шарттар беру	10 күн	Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым, тұтынушы (қосалқы тұтынушы үшін)
3	Белгіленген қуаты 1000 килоВаттан жоғары электр қондырғылары үшін (егер желіні күшейту, қайта жаңарту талап етілмесе) тұтынушы толық ақпарат берген кезде техникалық шарттар беру	30 күн	Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым, тұтынушы (қосалқы тұтынушы үшін)
4	Белгіленген қуаты 1000 килоВаттан жоғары электр қондырғылары үшін (егер желіні күшейту, қайта жаңарту талап етілмесе) тұтынушы толық ақпарат берген кезде техникалық шарттар беру	45 күн	Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым, тұтынушы (қосалқы тұтынушы үшін)
5	Қосылу нүктесін және коммерциялық есепке алу схемасын қарау	3 күн	Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым
6	Белгіленген қуаты қоса алғанда 100 килоВатқа дейінгі электр қондырғыларының жобалық шешімдерін келісу белгіленген қуаты 100 килоВаттан жоғары электр қондырғылары үшін	3 күн 20 күн	Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым
7	Белгіленген қуаты 100 килоВаттан жоғары электр қондырғыларын қосуға рұқсат беру	-	Мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі орган